

2 дәріс. Валюталық құқықтың түсінігі және мазмұны

2.1 Валюталық құқықтың пәні

Қазақстан Республикасының құқық жүйесінде валюталық құқықтың алатын орнын анықтау мәселесі қазіргі таңда үлкен дау туындатуда. Валюталық заңнама актілеріне толық әрі объективті талдау жүргізу үшін, оның құқық жүйесіндегі орнын анықтау үшін құқық саласының негізгі компоненттерін : пәнін, құқықтық реттеу әдістерін, субъектілерін әр қырынан қарастыру қажет.

Құқықтық реттеу пәні құқықтық жүйесінің шешуші классификациялық өлшемі ретінде танылады, өйткені кез-келген саланың өзгешеліктері ең алдымен сол қоғамдық қатынастың лайықты көрініс ерекшеліктерімен айқындалады. Сондықтан да әлдеқандай саланы атап айтқанда ең алдымен оның пайда болуы мен дамуы туралы сөз қозғамай сол саланың құрылымын анықтайтын құқықтық жүйесінің ретін анықтау керек.

Жалпы айтқанда, құқықтық реттеудің пәні тек жүйеленген валюталық заңнамада ғана көрсетілген - Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу мен валюталық бақылау» туралы Заңы.

Алғышартқа сәйкес, Заң резидент және резидент еместердің валюталық құндылықтарға құқықтарын жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, валюталық реттеу және валюталық бақылаудың тәртібін, мақсаты мен міндеттерін анықтайды.

Жоғарыда аталғандай, валюталық құқықтың құқықтық реттеу пәні болып әртекті сипаттағы қатынастар табылады. Валюталық құндылықтарды иелену, пайдалану, билік ету қатынастары, атап айтқанда валюталық айналым процестері – азаматтық құқықтың реттеу пәні болып табылады. Басқару кезінде пайда болатын қатынастар, мемлекеттік немесе мемлекет уәкіл органдарының басқару мен іске асыру қызметері, лауазымды адамдардың (валюталық реттеу мен валюталық тексеріс жүргізу барысында), сонымен қатар уәкілетті құқықтарды қолдану кезінде және административті құқықтық мәжбүрлеу - бұның барлығы да қаржылық және әкімшілік құқықтың реттейтін жайттары.

Алайда валюталық қатынастың басты айырмашылығы олардың әрқашанда субъектілер валюталық қатынастар кезінде пайда болады; және олар Қазақстан Республикасының «валюталық қатынастарды реттеу мен валюталық қатынастарды бақылау туралы» Заңымен реттеледі.

Валюталық құқықтың пәнін кешенді зерттеу үшін валюталық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың барлық топтарын неғұрлым жете қарастыру қажет.

Заң ғылымында валюталық қатынастарды жіктеудің бірнеше түрі бар, оның себебі жіктеуде валюталық қатынастардың әртүрлі критерийлері алынған.

Осы барлық әдіс-тәсілдер өзінше дұрыс, өйткені валюталық қатынастар тобының критерийі бір болып табылады.

Осылайша А.Б. Альтшуллердің пікірінше валюталық қатынастың облысы бір жағынан халықаралық валюталық қатынастың кең кешенінен тұрса, екінші жағынан әр түрлі мемлекетшілік (ішкі) валюталық қатынастардан құралған.

Оның пікірінше, халықаралық валюталық қатынастар бұл мемлекетаралық ынтымақтастықтың біртекті көрсеткіші болып табылады, және олардың болуы бұл жағдайдың мемлекеттен әрі шыққанның белгісі.

А.Б. Альтшуллер халықаралық валюталық қатынастарға қатысушысы мемлекет болатын барлық валюталық-қаржылық қатынастарды, соның ішінде әсіресе халықаралық есептеу мен несиелеудің қатынастары, банк мен уәкілетті басқа да органдарының қатынастарын, сонымен қатар тікелей банктердің жүргізетін валюталық қаржылық операциялары, олар тек банктердің ықыласынан пайда болатын мемлекет ішілік емес қатынастар, немесе шетеледік қатынастарды реттеу кезінде пайда болатын қатынастарды жатқызады.

Осы ретте ол гарантиялы, депозиттық, конверциялаушы, төленетін және сондай ақ басқа да банк арасында жүзеге асатын валюталық операцияларды атайды.

Сонымен қатар А.Б. Альтшуллер мемлекетішілік (ішкі) қатынастарға есептік және советтік ұйымдармен жүзеге асырылатын импорттық және экспорттық операциялардан болатын ақшалай операцияларды, мысалы, сыртқы сауда ұйымдары мен банктер арасында пайда болған валюталық қатынастар негізінде сыртқы қаржы шығару операциялары жатқызылады. Ішкі операцияларға банктердің чектерді төлеудегі валюталық операцияларды, ақшаны сату мен сатып алу барысында болатын операцияларды және т.б. жатқызады. [Альтшуллер А.Б. Общая характеристика валютных отношений и их правовое регулирование // В кн.: Валютные отношения во внешней торговле. – М.: Международные отношения, 1968. – С. 11-39, с. 14-15].

Заң әдебиетінде валюталық қатынастарды саралауда өзге тәсілдер қолданылады. Оның авторы ресейлік ғалым А.В. Емелин. Валюталық қатынастарды саралай келе, олардың салалық құрамын А.В. Емелин былай бөліп қарастырады :

- мемлекеттік (заңдарды жасап шығару арқылы валюталық жағдайды реттеу);
- қаржылық (мысалы, валюталық аударымдарды жасау арқылы салық пен төлемдерді өтеу);
- әкімшілік (айталық, айып пұлды шетелдік валютада төлеу, валюталық операцияның болмағандығы жайлы 2 ст. п. 14 ЗВР және ВК);

азаматтық (мысалы, валюталық төлемдерді резидент импортер транспорт ұйымының-резиденттің пайдасына тасымалдаудың келісіміне сәйкес, Ресей банкінің 8 нұсқауын от 1992 ж. № 29 маусым 7 "Кәсіпорын, ұйымдар мен бірлестіктер өздерінің валюталық пайдасын уәкілеттенген банктер арқылы сатып, Ресей Федерацияның ішкі нарығында операцияларын жүргізу міндеті туралы тәртіп");

- халықаралық жеке құқықтық (айталық, коллизиялық жалғасудың негізінде валюталық қатынаста қолданылатын құқықтық жүйе);

- халықаралық жария-құқықтық құқықтық (айталық, халықаралық ұйымдарға Ресей Федерациясының мүшелік комиссиясын төлеу кезінде жүргізілетін валюталық аудармалар туралы Ресей Федерациясы 1.1 бойынша 1996 ж. № 24 сәуір №39 "Ресей Федерациясының валюталық операциялар жүргізудегі тәртіптің өзгеруі туралы") [Емелин А.В. Валютные правоотношения: понятие и классификация // Деньги и кредит. – 2001. - № 2. - С.37-42, с. 38].

Валюталық құқықтық қатынастардың талдауды қорыта келіп А.В. Емелин келесідей құқықтық қатынастарды үш үлкен топқа бөлуді ұйғарды: 1) валюталық реттеу саласы, соның ішінде валюталық шектеу; 2) валюталық реттеу саласында; 3) валюталық айналым саласында.

Осындай класификацияның тәсілімен біз келіспейміз. Осындай класификацияға А.В. Емелин қаржылық құқықтық, әкімшілік құқықтық институттарының жасаушысын негізге

алады. Валюталық қатынастардың классификациясы бұл оның жүйеленуі болып табылады. Ал жүйелену кезінде оның әдіс тәсілдері негізге алыну керек, негізгі принципі оның топтау, ал топтауды жүзеге асыру үшін олардың бір критерийі негізінде жүргізіледі. Ал қарастырылып жатқан жүйені жасау кезінде сол жүйелік принципті негізге алмаған. А.В. Емелин валюталық қатынастардың салаға сәйкес жіктеуін жүргізіп қойғанға қарамастан, бұл жерде құқықтық институттар әртүрлі критерийлер негізінде жасалған.

Осы валюталық қатынастарды жіктеу барысында А.В. Емелин азаматтық құқықтық қатынастарды қарастырған сияқты. Осы ретте біз ғалымның валюталық айналым кезіндегі қоғамдық қатынастарды анықтап алу керек деген ойымен келісуге болады. Алайда, осындай классификацияны салалық жағдайда қарастырмау керек.

А.В. Емелиннің үшінші тобын анықтайтын басқа да критерийлерді анықтау керек.

Осы ретте ресейлік ғалымның М.Г. Кальней пікірін қарау керек, оның диссертациясына сүйенсек валюталық қатынастардың екі үлкен қатынасы болады:

- мемлекеттік басқару кезінде пайда болатын қатынастар, олар валюталық реттеу мен валюталық тексеріс кезінде пайда болады;

- валюталық айналым кезінде пайда болатын қатынастар, субъектілермен валюталық келісімшарттарға отыру мен оны жүзеге асыру немесе валюталық операцияларды жүзеге асыруды айтады. [Кальней М.Г. Правовое регулирование валютных операций в Российской Федерации: Дис... канд. юрид. наук. - Омск, 2002. – 202 с., с. 17]. Ғалымның көзқарасы бойынша, аталған қатынастар тобы валюталық операцияларды жария-құқықтық және жеке-құқықтық салаға бөлуге мүмкіндік береді.

Көріп отырғанымыздай, М.Г. Кальнейдің валюталық қатынастарды бөлу қағидасы мүлде басқа, ол қатынастарды валюталық қатынастың қай саласымен реттелуімен байланыстырды: жария-құқықтық және жеке-құқықтық. Осы әдіс валюталық қатынастарды бөлуде бізге тиімді болып көрінеді. Алайда, М.Г. Кальней валюталық қатынастарды топтау кезінде валюталық заңнаманы бұзу кезіндегі қатынастарды ескермейді, өйткені оны әкімшілік және қылмыстық құқықтар негізінде қарастырылады.

Аталмыш қатынастар тобы жария-құқықтық салаға кіреді.

Жоғарыда көрсетілген пікірлерге сүйене отырып, валюталық қатынастардың классификациясын жүргізу кезінде басқа да критерийді негізге алу керек, ол валюталық қатынастардың екі тобын айыруын қамтамасыз етеді.

Біздің ойымызша, валюталық қатынастардың субъектілеріне ықпал ететін әдіс-тәсілдер бола алатын сияқты.

Осыған орай біздің ойымызша, салалық тәсіл емес валюталық қатынастардың субъектілеріне ықпал ететін әдіс тәсілдер, яғни құқықтық реттеудің амалдары.

Осыған орай валюталық қатынастарды келесідей екі топқа бөлуге болады:

1) императивтік әдіспен реттелетін қоғамдық қатынастар; 2) құқықтық реттеудің диспозитивтік әдісімен реттелетін қоғамдық қатынастар.

Ұсынылған критерий бойынша валюталық қатынастарды топтастыра отырып, валюталық қатынастарды екі үлкен топқа бөліп қарастырумызға болады:

1) мемлекеттік реттеу саласында туындайтын қатынастарға валюталық реттеу және валюталық қатынастарды жүзеге асыру барысында туындайтын қатынастар, сондай-ақ валюталық құқық бұзушылық үшін жауаптылық шараларын қолдану саласындағы қатынастар;

2) валюталық және валюталық құндылықтарды иелену, пайдалану және билік ету бойынша туындайтын валюталық айналым саласындағы қатынастар.

Валюталық қатынастарды талдауды қорытындылай келе, бірнеше ұсыныстарды түйіндеуге болады.

1. валюталық құқықпен реттелетін қатынастар, олардың өздерінің айырмашылықтары бар және олар «валюталық элементтерінің» қатынастарымен қиындатылған.

2. Қазақстан мен шетелдік мемлекеттермен қатынасы кезіндегі валюталық қатынастар пайда болған кезде белгілі бір заңнамаға және орнатылған тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Осы құқықтық актілер экономикалық және жеке мемлекеттік валюталық саясатын жүзеге асыруға септігін тигізеді. Валюталық қатынастар кезінде пайда болатын жағдайларды айқындап, мемлекет арасында пайда болған қатысушылардың құқығы мен міндетін айқындайды және сол қатынастардың экономикалық тиімділігімен қамтамасыз етеді.

3. сонымен қатар, валюталық қатынастарды анализдеу барысында, валюталық қатынастардың бірте-бірте даралануын көруге болады.

2.2 Валюталық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері

Әдетте, заң әдебиетінде құқықтық реттеудің екі әдісі көрсетіледі: императивті (бір жақтың екінші жаққа бағынуы) және диспозитивті (екі жақтың да теңдігі). Егер де осы принципті негізге алса, онда тек азаматтық (жеке) құқықтың және барын ескеру керек. Азаматтық құқық мемлекеттік органдардың, азаматтардың, қоғамдық ұйымдардың, шаруашылық субъектілері арасындағы мәміле нысаны бойынша келісім-шартқа тұру барысында туындайтын қатынастарды реттейді. Осы жағдайда құқықтық қатынасқа түсуші субъектілердің ешқайсысы да басымдық көрсетпейтінін атап айтуға болады. Бұл жағдайда олардың барлығы да тең болады, оның біреуі мемлекет болса да. Және керісінше егер де мемлекет басым күшке ие орган болса, онда осындай қоғамдық қатынастың реттеушісі әкімшілік құқықтық нормалар болады. Осылайша, құқықтық саланы айыру үшін реттеу мен реттелу әдістерін ажырату керек.

Ал қаржылық, экологиялық, еңбек пен коммерциялық құқықтармен онда не істейміз? Ал құқықтық реттеудің әдісі бойынша оларды азаматтық немесе әкімшілік құқық қатарына жатқызуға болады. Біздің ойымызша, құқықтық қатынастарды жеңілдету нәтижесінде жүйелендіру қиындығына әкеліп соғады, ал ол заңнаманы дамытуға, жетілдіруге жол бермейді. Заңнаманы қарастыру кезінде біршама дифференциалды қарастырылған болса, онда ол құқықтық қатынастардың қоғамдық қатынастарды дәйекті зерттеуге, түсінуге, олардың қасиеттері мен сипатын айқындауға мүмкіндік береді.

Біз, тау-кен құқығы теориясының мәселелерін зерттей отырып, құқықтық реттеу әдістерінің жіктелу тұжырымдамасын айқындаған ғалым Н.Б. Мухитдиновтың пікірімен келісеміз. Оның пікірінше, құқықтық реттеу әдісі бұл құқықтық реттеу пәнінің туындысы, құқықтық реттеу жүйесінің бір бөлігі және оларды бір-бірінен айыруға болмайды. Осының нәтижесінде құқықтық реттеу қағидасын құқықтық қатынастарды жіктеу барысында туындайтын жеке қағида деп қарастуға болмайды.

Қоғамдық қатынастар реттеу пәні ретінде құқықтық реттеу әдісіне тәуелді емес. Керісінше, құқықтық реттеу әдісі құқықтық реттеу пәні болып табылатын қоғамдық қатынастар сипатымен айқындалады. Әкімшілік және азаматтық құқықтың императивті және диспозитивті құқықтық реттеу қағидалары тура болып табылады. Ал құқықтың басқа да салаларында (қаржылық, экологиялық, жер және т.б.) олар біршама күрделі күйде болады, өйткені олар басқа да қағидалармен жалғасып қарастырылады. [Мухитдинов Н.Б. Основы горного права: Некоторые важные положения теории и практики. – Алма-Ата: Казахстан, 1983. – 248 с., с. 33].

Құқықтық реттеу әдісі мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне байланысты болады. Ал бұған субъектілер құқықтық қатынастары, субъектілердің мақсат, міндеттері мен олардың құқықтық қатынастары, сонымен қатар әртүрлі құқықтық нормаларды қорғау мен қоғамдық қатынастардың спецификациясы және т.б қатынастар әсерін тигізді.

Н.Б. Мухитдиновтың пікірімен келісеміз, оның пайымдауынша қоғамдық қатынастарға қарағанда салалық әдістер сан алуан және мазмұны бойынша әртүрлі. Әділдіктің дәлелі ретінде кейбір ғалымдар құқықтық реттеудің әдісін жіктеуде тек бір белгіленген құралдың әсерін көрсетеді: билік, теңдік пен бағыну және т.б. Бір саладағы құқықтар тек бір ғана емес бірнеше ықпал ететін факторлар болуы мүмкін, бұл сол саладағы реттеудегі ерекшеліктерге байланысты. Бертекті қатынастар белгілі бір салада мүлдем болмауы мүмкін.

Заң ғылымында валюталық құқықтың әдісін анықтаудың бірнеше тәсілі бар. Мысалы, М.Г. Кальнейдің пайымдауынша, «валюталық қатынастарды құқықтық реттеуде тек қаржылық құқықта қолданылатын әдістер мен қағидалар қолданылады». М.Г. Кальней «валюталық реттеу әдісі әсіресе императивті болады (орталықтандырылған, қатынастың мүшелерімен қарастырыла алмайды)» деп пайымдайды. Оның пікірінше, валюталық заңнамамен пайдаланылатын құқықтық реттеудің негізгі ерекшеліктері:

- міндеттеу (белгілі бір іс әрекетті ұйғару, мысалы, келісімшарттың Паспортына қол қою);
- тыйым салу (белгілі бір іс әрекет жасаудан бас тарту, мысалы, уәкілеттенген банксіз шетелдік валютаны сатып алуға).

Бұндай құқықтық реттеу валюталық заңнамаға сәйкес мүлдем қолданылмайды.

Осындай пікірді валюталық құқықты дербес құқық саласы ретінде қарастыратын ғалымдар да дәйектейді. Осылайша «Валюталық құқық» оқу құралының авторлары валюталық құқықтың реттеу әдісі – «негізінен императивті (биліктік-орталықтандырылған, субъектілердің қарауына және қабылдауына берілмейді) сондықтан да, валюталық заңнаманы жария - құқықтық салаға жатқызуға болады», дейді. [Дорофеев Б.Ю., Земцов Н.Н., Пушин В.А. Валютное право России: Учебное пособие. – М.: НОРМА, 2000. – 360 с., с. 17-18]. Құқықтық реттеудің көптеген әдістерінің ішінен олар міндеттеу мен тыйым салуды ерекше атап көрсетеді. Ал «құқықты әртүрлі мінездегі жағдайға қарай беру ресейлік валюталық құқықта өте сирек кездеседі», деп бағамдайды - Б.Ю. Дорофеев, Н.Н. Земцов и В.А. Пушин. Валюталық қатынастарды реттеу кезінде заңнамамен рұқсат сияқты әдіс қолданылмайды, сонымен келіспейміз.

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы резидентке «резидент емес азаматтарымен Қазақстан Республикасының валюталық қатынастарды реттейтін заңнамасына сәйкес шарт жаса алады» [1 т., 14 бап].

Сонымен қатар валюталық заңнама валюталық келісім шарттың мәнін айқындайды «валюталық келісім шарт бұл – валюталық операцияларды жүзеге асыруға негізделген өзге де құжаттары, сондай-ақ, үстемелер мен өзгертулерді қоса алғандағы келісімшарт, құрылтай құжаттары» [5 т., 1 бап].

Сонымен қатар атап айтатын тағы бір жайт, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мемлекеттің ақша-несиелік саясатын жүргізеді. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заңына сәйкес аталған саясаттың негізгі мақсаты болып ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету: оның халықаралық шетелдік валютаға қарай өзінің сатып алу мүмкіндігін жоғарылату табылады [29 бап].

Ақша-несие саясатының негізгі құралы болып табылады :

- Ұлттық Банкпен коммерциялық банктерге берген несиелік сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін жоғарылату (пайда);
- Қазақстанның Ұлттық Банкімен белгіленген минималды нормативті міндетті резервтер;
- мемлекеттік құнды қағаздарды ашық нарықта сатып алу мен сату;
- валюталық нарықтағы интервенция;
- кейбір жағдайда несиелік операциялар кезінде тура шектеу қою;
- ресми есеп мөлшерлемесі (дисконттық).

Көрсетілген құралдар мемлекеттің қаржылық-несиелік саясаты Ұлттық Банкпен немесе азаматтық құқықтық қатынастарының мүшесі ретінде болып, немесе ақша қатынасын реттеуге бағытталуы арқылы жүзеге асырылады. Валюталық жүйесінің ұйымдары мен валюталық айналымның ұйымдары валюталық реттеу саласына жатады, яғни мемлекеттік қызметіне. Сондықтан олар бұйрық пен тыйым салу арқылы реттеледі. Мемлекет валюталық айналымда реттеу кезінде тек уәкілеттік құқықтық құралдарды ғана емесе сонымен қатар азаматтық құқықтық құралдар пайдалынады.

Осыған орай біздің ойымызша, реттеудің барлық үш реттеу қағидалары қолданылады: міндеттеу нормалары (міндеттелетін бұйрықтар), тыйым салынатын нормалар, тыйым салынбаған (рұқсат етілген нормалар). Ал бұл дегеніміз валюталық-құқықтық реттеудің императивті және диспозитивті әдіс тәсілдерінің жиынтығы дегенді білдіреді.

Басқа сөзбен айтқанда, валюталық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың кешенді сипаты валюталық қатынастар жүйесінде кездесетін әсер етудің барлық дерлік амалдарын қолданады: императивті, диспозитивті, және оның әртүрлі формалары тыйым салу мен рұқсат ету.

2.3 Валюталық құқықтың субъектілері

Валюталық қатынастардың басқа да экономикалық қатынастар сияқты өздерінің ішкі және сыртқы субъектілері болады.

Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес олар резидент және резидент емес болып табылады. Валюталық заңнамада «резидент» және «резидент емес» атты терминдер маңызды ұғымдар болып табылады. Бұндай бөлініс бұл сыртқы экономикалық операциялар мен ішкі шаруашылық операциялар жүргізумен айқындалады. Шетелдік және халықаралық валюталық заңнаманы талдай келе, «резидент» және «резидент емес» терминдерінің әмбебап мәнін анықтау керектігі анықталады. Халықаралық тәжірибе сүйенсек, «резидент» сөзін айқындау кезінде олар шаруашылық бірлікті сол территориямен байланыстырады. [Международные валютно-кредитные и финансовые отношения / Под ред. Л.Н. Красавиной. - М.: Финансы и Статистика, 1994. - 589 с., с. 116-117].

Қазақстан Республикасының 13 шілдiнiң 2005 ж. № 57 шыққан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Заңнамасына сәйкес «резидент» терминiнiң астына келесiдей валюталық қатынастар субъектiлерi жатады:

- Қазақстан Республикасының, оның iшiнде шет елде уақытша жүрген немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде осы мемлекеттiң заңнамасына сәйкес берiлген шет мемлекетте тұрақты тұру құқығына құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, мемлекеттiк қызметте жүрген азаматтары;

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына ие құжаты бар шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкiлдiктерi Қазақстан Республикасына және одан тыс жерлерге орналасқан барлық заңды тұлғалар;

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегi Қазақстан Республикасының дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкiлдiктерi; [15 т., 1 бап].

Резидент еместерге Заңда көрсетiлгендей, барлық жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен уәкiлеттiктерi, Қазақстан Республикасының "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Заңының 15) тармақшасына сәйкес уәкiлеттiлiктерi белгiленген.

Бұл ұғымдар валюталық қатынастар субъектiлерiнiң мәртебесiн анықтауда түйiндi болып табылады. Сол себептi, валюталық қатынастар субъектiлерiнiң мәртебесiн анықтауда критерийдi табу маңызды болып табылады.

Валюталық қатынастар субъектiлерiнiң қатарына валюталық қатынастарды реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын органдар мен агенттiктер жатады. Қазақстан Республикасында валюталық реттеудiң негiзгi органы болып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi танылады.

Ескеретiн жайт, Ұлттық банк валюталық реттеу органы ретiнде ерекше құқықтық орынға ие. А.И. Худяков атап көрсеткендей, «Ұлттық Банк бiр мезетте келесiдей қызметтердi атқарады: 1) валюталық мәселелер бойынша нормативтi актiлердi шығаратын мемлекеттiк орган; 2) жеке нормативтi актiлерiн жүзеге асыруға бағытталған жеке актiлер қабылдайтын субъектiлер; 3) келiсiмшартқа сәйкес бiр тарап болып табылатын. валюталық операцияларды жүзеге асыруға қатысатын шаруашылық субъектiлерi (мысалы, шетеледiк валюта сату барысында); 4) валюталық заңнаманы бұзғаны үшiн жауаптылыққа тартуды жүзеге асыратын орган ретiнде».

[Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: ТОО «Баспа», 2001. - 272 с., с. 176].

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі валюталық реттеудің негізгі органы ретінде :

1) «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңның 6 бабына сәйкес валюталық құндылықтарды пайдаланумен байланысты қызметтерді резиденттердің жүзеге асыруына қойылатын талаптарды;

2) резидент және резидент емес тұлғалардың валюталық операцияларды, оның ішінде валюталық реттеу: лицензиялау, тіркеу, хабарламалар және т.б. жүзеге асыру тәртібін;

3) Қазақстан Республикасының аумағында қызмет атқаратын (валюталық мониторинг) резидент емес азаматтардың валюталық мониторингін жүргізу;

4) Уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша олардың уәкілеттіктеріне сәйкес, барлық резидент және резидент еместердің міндеттерін атқаруы үшін валюталық операциялар бойынша есепке алу нысанын анықтайды.

Бұл Ұлттық Банкпен Қазақстан Республикасының сыртқы тепе-теңдіктің тұрақтылығын сақтап, еліміздің алтын қор резервтері мен мемлекеттік қарыздарын бір деңгейде ұстаумен сипатталады.

Ұлттық Банктің қызметіне сонымен қатар, валюталық операцияларды жүргізуге лицензия алуға рұқсат береді, сондай-ақ, валюталық құндылықтарды алып шығуға да рұқсат береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аталған заңнамаға сәйкес, банктерге немесе басқа да Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңнамасындағы өзге де тұлғаларға құқық бұзушылық жағдайында санкция қолдануға құқылы. Осы уақыт аралығында Ұлттық Банк өзі валюталық операциялардың тікелей қатысушысы ретінде : шетелдік валютаны сатуға, сатып алуға, шетелдік банктерде, сондай-ақ, халықаралық қаржылық ұйымдарда шоттарды ашуға және банктің өкілі ретінде әрекет етуге құқылы.

Валюталық қатынастар субъектілерінің көптігі оның экономикалық мүддесін есептеу қажеттілігіне әкеліп соғады.

Ескеретін жайт, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің экономикалық мүддесі биік өмірлік стандарттарға және экономикалық өсуге мүмкіндік туғызатын мемлекет мүддесіне сәйкес болуы керек, ал олар экономикалық өсу мен өмірлік стандарттарға жетуге мүмкіндік береді.

Валюталық заңнаманың субъектілеріне валюталық операцияларды жүзеге асыратын уәкілетті банктер мен ұйымдар жатады. Уәкілетті банктердің экономикалық мүддесі оның валюталық операцияларды жүзеге асырудағы жоғары тиімділігімен тікелей байланысты. Уәкілетті банктер экспорттық импорттық операциялардан түскен пайда мен айырбастау пункттері мен басқа да валюталық операциялардан түскен пайдасын алады. Сондықтан да банктер сыртқы сауда операцияларын ұлғайтуды қолдайтындығы анық. Ұлттық валюта курсының тұрақсыздығы коммерциялық банктердің валюталық бөлімін ұлғайтуы мүмкін, бірақ та, осы уақыт аралығында банктің басқа да бөлімінің жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін. Демек, коммерциялық банктер экономиканың серпінді, тұрақты дамуына мүдделі.

Валюталық қатынастардың бірден-бір субъектісі болып валюталық биржалар табылады. Валюталық биржалардың экономикалық мүддесі жүргізетін операциялардың мөлшерімен анықталады. Биржалық айналымдар неғұрлым жоғары болса, биржалық пайда соғұрлым жоғары болады. Яғни валюталық биржалар сыртқы сауда айналымының көбеюін көздейді. Кәсіпорындардың экономикалық мүддесі оның іске асырып жатырған операцияларына байланысты болады : экспорттаушыларға ұлттық валютаның төменгі курсы тиімді, ал импортерлерге керісінше, теңгенің жоғары деңгейі керек, себебі, ұлттық валютаның төменгі курсына қарағанда, импорттық тауарларды көптеп сатып алуына мүмкіндік болады.

Инвестициялық және зейнетақылық қорлардың жұмысы көп тәуекелмен байланысты емес, өйткені олар үлескердің салымын жоғарлатумен және сақтаумен айналысады. Олар ұлттық валютаның төмендеуіне қарай өз мүддесі үшін олар валюталық нарыққа тұрақсыздандыру әрекеттірін жасауы мүмкін. Жеке тұлғалардың экономикалық мүддесі өздерінің салымдарын сақтауымен анықталады. Қазіргі кезде ел ішінде көлемді шетелдік валютаның ұстаушылары ретінде олар танылады. Қазақстан Республикасы экономикасының қазіргі жағдайы көпшілікті алаңдатады, өз салымдарын «шұлығында» жинайтын жеке тұлғалар толық ел экономикасына толық сенім білдіре алмайды, сондықтан да олар өз қаражатын жеке өздерінде ұстап, ақшаның «өлі» түрде болуына септігін тигізеді. Осындай сенімсіздікке келесідей бірнеше себептер бар: 1) ұлттық валюта курсының тұрақсыздығы; 2) Қазақстан Республикасының банктік жүйесіне деген сенімсіздік; 3) жалпы экономикалық тұрақсыздық, болашаққа деген сенімсіздік.

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі міндеті бұл, валюталық қатынастар субъектілерінің әртүрлі мүддесіне қолдау білдіру, бұл жерде мемлекеттің басымды бөлігінің мүддесімен, сәйкес болады, жеке тұлғалық мүдде олар валюталық курсының тұрақсыздығымен, төменгі инфляция мен өмірлік стандартының жоғары деңгейімен, келесі болашаққа деген сенімділікпен сипатталады.

Валюталық қатынастар халықаралық нарықта қаржыны сатып алумен анықталады. Бұл жерде сырқы субъектілердің мүддесін де атап көрсету керек: шетелдік мемлекеттердің үкіметі; халықаралық қаржылық валюталық ұйымдар (ХВҚ, Халықаралық Банк және т.б.); шетелдік жеке және заңды тұлғалардың мүддесі көп жағдайда ел тұрғындарының және тіпті мемлекеттің де мүддесіне сәйкес келе бермеуі мүмкін.

Валюталық қатынастардың ішінен жеке тұлғаның мүддесі ең маңыздысы болып табылады. Жеке тұлғалардың мүддесі көпшілік ел тұрғындарының және мемлекеттің де мүддесіне сәйкес жүргізіледі. Олардың мүддесі ұлттық валютаның тұрақтылығымен сипатталады. Қазақстан Республикасына мықты дамыған валюталық жүйе қажет, ал ол өз кезегінде ұлттық валютаны нығайтып, толыққанды халықаралық ақша тауарлардың халықаралық қоғаммен мақұлдауын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Ұлттық Банк экспорттық тауарларды (жұмыс, қызмет) шетелдік валютада міндетті сату режимін тоқтату қарастырылған.

2.4 Валюталық құқықтың Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі орны

Валюталық заңнаманың құқықтық жүйесіндегі алатын орны туралы бірнеше пікірлер бар.

Валюталық құқықты қаржылық құқық жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастыру тарихи қалыптасқан жайт екендігі белгілі. Қаржылық құқық саласын зерттеп жүрген көптеген ғалымдар валюталық реттеу қатынастарын мемлекеттің қаржылық қатынастарымен

сипаттайды. Олардың қатарына К.С. Бельский, М.В. Карасев пен А.В. Емелинді жатқызуға болады.

Осылайша; мысалы, «Қаржылық құқық» атты ресейлік оқулықтың авторлары Н.М. Артемов, О.Н. Горбунова, И.Г. Денисов, А.А. Жданов, А.Н. Козырин, В.Т. Ковалев, М.Л. Коган, Н.А. Куфакова, Н.Т. Химичеваның пікірінше валюталық заңнама қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің жеке институты болып саналады: «Өйткені қаржылық қызмет бұл ақша мен ақша айналымына, сондай-ақ, валюталық заңнамаға негізделген қызмет» [Финансовое право: Учебник / Под ред. проф. О.Н. Горбуновой. – М.: Юристъ, 1996. – 400 с., с. 33].

Валюталық құқық саласындағы ресейлік заңгер-ғалымдардың жүргізген бірқатар диссертациялық жұмыстарында соңғы кездері валюталық заңнама қаржылық заңнаманың бір бөлшегі ретінде қарастырылған. Мысалы, М.Г. Кальней өзінің диссертациялық жұмысында валюталық заңнаманы талдай отырып, ол валюталық заңнама – «бұл әртүрлі заң табиғатының актілерін құрайтын біркелкі нормативті кешен» деп атап кеткен. Бірақ, соның өзінде де ол реттеушілік әдісі басым болғандықтан, валюталық қатынастарының, валюталық заңнаманың негізінен қаржылық құқықтық қатынастардан өзгешелігі барын көрсетеді [с. 28].

Аталған мәселе төңірегінде, валюталық заңнаманың құқық жүйесінде алатын орнын табуда қаржылық құқық мәселелерін терең зерттеп жүрген қазақстандық ғалым, профессор А.И. Худяковтың пікірінің маңызы зор. Ескеретін жайт, А.И. Худяков қаржылық құқықтың ерекше бөлімін жүйелендіре отырып, келесідей сұраққа ерекше назар аударады: қаржылық құқықтың объектісі не болып табылады: оның пікірінше қаржылық құқықтың объектісі ретінде тек мемлекеттік қаржылар бола алады. А.И. Худяковтың пікірінше «қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің жүйесі мемлекеттің қаржылық жүйесіне негізделеді. Анықтап айтқанда: құқықтық институттар саны мен оның түрлері экономикалық институттардың түрлері мен санына сәйкес болады. Құқықтық институттар экономикалық институттарға сәйкес болуы шарт. Ал экономикалық институттың материалдық жағы оның қаржылық қорымен айқындалады. Соның нәтижесінде келесідей жүйе қалыптасады: ақша қоры – экономикалық-қаржылық институттың барын көрсетеді, ал экономикалық институттың бары құқықтық институттың барын көрсетеді». Қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің жүйесін мемлекеттік қаржылармен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар тобы құрайды.

Осыған байланысты А.И. Худяков қаржылық құқықтың ерекше бөлімін келесідей бөліп қарастырады :

- 1) бюджеттік құқық;
- 2) қаржылық-шаруашылық құқығы;
- 3) қаржылық-банктік құқығы;
- 4) қаржылық-сақтандыру құқығы [109-110 б.б].

Көріп отырғанымыздай, А.И. Худяков қаржылық құқықтың ерекше бөлімінде валюталық қатынастарды реттейтін нормаларды қарастырмайды.

Ресейлік ғалымдарға қарағанда, А.И. Худяковтың пікірінше «Валюталық реттеу институты» «ақша жүйесінің құқықтық негіздері» институтына жатады, ал ол жалпы қаржылық құқықтың негізі болып қарастырылады» [с. 106].

Валюталық реттеуге байланысты А.И. Худяков келесідей пікір білдірген. «Біріншіден, қаржы жүйесі ерекше «валюталық» қорды білдірмейді, ерекше қаржылық экономикалық институттарды білдірмейді. Бірақ экономикалық институт жоқ болса, қаржылық құқықтың ерекше бөлімінде құқық қайдан болады?! Екіншіден, валюталық реттеу өзінде орнатылған белгілі ережелерді қарастырады, олар қаржылық құқықтың ерекше бөлімі жана

институттарының ақша қоры қызметіне әсерін тигізеді (сәйкесінше, қаржылық-экономикалық институттарға). Ал бұл дегеніміз қаржылық құқықтың жалпы бөлімінде құқықтық нормалардың бар екенін белгілейді. Ал үшіншіден, валюталық реттеудің негізгі мақсаты - ұлттық ақша жүйесін қорғап және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету, (ұлттық валютаның ағып кетпеуін қамтамасыз ету, соның ішінде валютаның шетелге кетпеуін қамтамасыз ету, ұлттық валютаны шетел мемлекеттерінің валюталарының нарықтағы тұрақсыздығынан және конъюнктуралық ауытқуларынан сақтау, ішкі нарықта шетелдік ақша белгілерінің және төлем құжаттарын және т.б. қолдануға тыйым салу). Соның нәтижесінде валюталық реттеу ақша жүйесінің негізгі элементі болып қарастырылып, сәйкесінше сол институтта зерттелуі керек.

Біздің пікірімізше, А.И. Худяков валюталық реттеу институтының қаржылық құқық жүйесінде алатын орны дұрыс деп қорытындылаған. Расында да валюталық реттеудің негізгі мақсаты бұл Қазақстан Республикасында валюталық құндылықтардың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Біздің пайымдауымыз бойынша валюталық қатынастар классификациясында валюталық реттеу бұл - жалпы валюталық қатынастар жиынтығының бір бөлшегі. Валюталық заңнамамен валюталық айналым саласында туындайтын қатынастар реттеледі : валюталық және валюталық құндылықтарды иелену, пайдалану және билік ету қатынастары реттеледі. Логикалық тұрғыда, бұл валюталық қатынастарды тобын азаматтық құқықтың реттеу пәніне жатқызуға болады. Расында да, валюталық айналым саласында (валюталық құндылықтар), валюта тауар ретінде пайдаланылады, яғни тауар-ақша қатынастары - азаматтық құқықтың пәнін құрайды. Осыдан келе валюталық айналым кезінде пайда болатын қатынастар азаматтық құқықтың пәні болып қарастырылады.

А.И. Худяковтың пікірі де сол, оның айтуынша «ақша айналымы мен есеп айырысу институты» қаржылық құқыққа еш қатынасы жоқ және азаматтық құқықтың қарапайым институты болып табылады, өйткені, ол тауар-ақша қатынастарын реттейді. Айтатын тағы бір жайт, «ақша айналымын реттеу ерекшеліктері есеп айырысу операцияларының тәртібін орнатуда» қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысанын орнату азаматтық-құқықтық реттеу шеңберінде мемлекетпен жасалады. Есеп айырысу қатынастарының субъектісі (нақтырақ, тауар-ақша қатынастары) болып мемлекет танылады [с. 151].

Валюталық заңнамада азаматтық құқықтың ұғымы мен санаттары пайдаланылады («мәмілелер», «комиссиялық сыйақы», «контрагенттер», «жұмыс пен қызмет» және т.б.), сонымен қатар, тікелей валюталық заңнама мен азаматтық құқықтың институттарын байланыстыратын нормалар («мәміленің жарамсыздығы», «сақтандыру шарттары», «несиелік келісім шарттар», «міндеттемелерді орындау» және т. б.) енгізілген.

Сонымен қатар атап өтетін тағы бір жайт, – валюталық құқықтық қатынастар кешенін құрайтын валюталық құндылықтармен байланысты әрбір мәміле бір тарап азаматтық-құқықтық, екінші тарап бұл валюталық қатынастар. Азаматтық Кодекстің 127 бабы, шетелдік валютамен болған мәміленің барлығын да валюталық заңнама саласына ауыстырады, өйткені бұндай жағдайда азаматтық заңнаманы қолдану бұл судсидиарлы болады, егерде заңда басқа көрсетілмеген болған жағдайда (АК ҚР 1 бабына сәйкес, азаматтық құқық осындай жағдайда қолданылмайды, егерде заңнамада басқалай қарастырылмаса). АК ҚР белгілі нормалары келісім шартқа отырудың ерекшеліктерін қарастырған, ал олар валюталық құндылықтар болып

саналады. ҚР АҚ арнайы нормалары пәні валюталық құндылықтар болып табылатын мәмілелердің ерекшеліктерін құрайды. Сатып алу-сату шартының жалпы ережелері өзге нормативтік актілер нормаларының есебімен қолданылады (2 т. 406 бап ҚР АҚ). (бірінші кезекте ҚР «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңы).

Осылайша валюталық қатынастың екі тобы келесідей: валюталық реттеу мен валюталық бақылау саласында туындайтын қатынастар, азаматтық және қаржылық құқық салаларының нормаларымен реттелетін валюталық айналым саласында туындайтын қатынастар.

Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік актілеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және өзге де мемлекеттік органдардың актілеріне сәйкес бекітілген нормалар кешенін құрайды. Валюталық қатынастар: 1) валюталық реттеу және валюталық бақылау барысында па

йда болатын мемлекеттік реттеу саласындағы, сондай-ақ, валюталық құқықбұзушылық үшін қолданылатын шараларды реттеу қатынастары. Осыған мысал ретінде валюталық реттеуді, валюталық бақылау, сонымен қатар валюталық заңсыздыққа қарсы жасалатын іс шараларды жатқызуға болады; 2) валюта мен валюталық құндылықтарды иелену, пайдалану және билік ету бойынша валюталық айналым саласындағы қатынастар. Сонымен бірге, халықаралық валюталық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттейтін, халықаралық валюталық-қаржылық ұйымдарға Қазақстанның қатысуымен байланысты Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық келісімшарттарды ұмытпағанымыз жөн. Осындай халықаралық құқықтық актілердің нормалары ұлттық валюталық заңнаманың бөлшегі болып табылады.

Валюталық заңнаманың кешенді сипатын мойындаумен байланысты оның ерекше айырмашылығы болмайды, заңнаманың көптеген салалары кешенді болғандықтан (мысалы, жер, инвестициялық және т. б.) валюталық құқықты жетілдіру мақсаты ұсынылады. Расында да соңғы уақытта валюталық құқықты дербес сала ретінде бөлу туралы ой пікірлер жиі айтылып жүр.

Валюталық құқықты дербес құқық саласы ретінде қарастыруды қолдағандардың бірі болып «Ресейдің валюталық құқығы» атты оқулықтың авторлары Б.Ю. Дорофеев, Н.Н. Земцов, В.А. Пушин табылады. Олар валюталық құқықтың жеке құқық саласы ретінде пайда болуы туралы тезис құрған. Олардың пікірінше валюталық заңнама айтарлықтай оқшауланған құқық саласы, оның өзінің зерттеу объектісі мен әдіс тәсілдері, принциптері мен нормалары бар. Аталған оқулықтың авторлары валюталық құқықтың пәні деп «жасалған валюталық операцияларды жетілдіру саласындағы, сондай-ақ, валюталық бақылау, валюталық реттеу және валюталық құқықбұзушылық үшін жауаптылық саласындағы қоғамдық қатынастарды» атайды [с. 17].

Шетелдік ғылыми басылымдарда халықаралық валюталық құқық жеке құқық саласы ретінде қарастырылады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесідей қорытынды жасауға болады.

1. Валюталық заңнаманың құқықтық реттеу пәні болып төменде көрсетілген жүйеленген екі топтағы қоғамдық қатынастар жиынтығы табылады:

- валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру барысындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың және оның лауазымды тұлғаларының атқарушылық қызметі саласындағы қоғамдық қатынастар, сондай-ақ, валюталық заңнама нормаларын бұзғаны үшін

уәкілетті органның шара қолдануы барысында туындайтын қатынастар (құқықтың императивтік әдісі арқылы реттеледі);

- валюта және валюталық құндылықтарды иелену, пайдалану, билік етумен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар, яғни, тараптардың теңдігі негізіндегі валюталық айналыммен байланысты қатынастар (құқықтың диспозитивтік әдісі арқылы реттеледі).

2. Валюталық қатынастардың аталған екі тобы объектісі валюта және валюталық құндылықтар болып табылатын қатынастарды реттеуге негізделген әдістер. Валюталық қатынастарды реттеуде құқықтық реттеудің үш нормасы қолданылады: міндеттеу нормалары, тыйым салу нормалары, рұқсат ету нормалары. Валюталық қатынастардың қатысушыларына ерекше әсер ететіні – императивтік және диспозитивтік нысаннан тұратын валюталық құқықтық реттеу әдісі болып табылады.

3. Валюталық қатынастар мен валюталық заңнаманы зерттей келе валюталық қатынастар конституциялық, азаматтық, қаржылық, әкімшілік, қылмыстық және халықаралық (жеке, жария) құқық салаларының нормаларымен реттеледі деген пікірге келдік. Әрине, жария қатынастар валюталық қатынастар негізінде жиі кездеседі. Осындай қатынастар көп жағдайда валюталық операция мүшелерімен валюталық операциялар мен валюталық келісім шартты жасаумен айқындалмайды, керісінше, валюталық реттеу және валюталық бақылау жөніндегі қатынастарды жетілдірумен байланысты туындайды. Осы себепті, валюталық заңнама түсінігін аша түсетін әрекет етуші нормативтік ережелер кешені туындайды. Валюталық құқық туралы айтқанда, біз, жалпы құқықтық нормалар жүйесін қамтимыз. Валюталық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы өмір талабына сай әрқашанда жетіліп, дамып отырады.

Жоғарыда қарастырылғандар негізінде келесідей қорытынды шығаруға болады, *валюталық құқық валюта және валюталық құндылықтарды иелену, пайдалану, билік ету жөніндегі қатынастарды, валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру барысында туындайтын қатынастарды реттейтін әртүрлі құқықтық нормалар жиынтығы, сондай-ақ, валюталық құқық бұзушылық үшін шара қолданылатын, дамудың нарықтық қатынастар жағдайындағы кешенді сипатын құрайтын жеке құқық саласы.*

2.5 Қазақстан Республикасында валюталық құқықтың негізгі даму үрдістері

Валюталық құқық Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастардың даму жағдайында кешенді сипатқа ие және болашақта жүйелену мен кодификацияны талап етеді. Осы мақсатта валюталық құқықтың теориялық негізін әзірлеу қажет.

Валюталық құқық жүйесінің қалыптасуы мен даму барысында ғылымның алатын орны ерекше. Ғылыми дәлелденен құқық жүйесі және заңнама жүйесі ғана емес, сондай-ақ ғылыми негізделген, анықталған үйлесімдер, ғылыми дәлелденген анықтамалар, қорытындылар, ұсыныстар заңға негізделіп жасалады, жалпы алғанда, заңнама жүйесін қалыптастыруда нормативтік актілерге сәйкес әзірленеді. Ғылыми зерттеулер құқықтық негіздердегі кемшіліктерді айқындауға, яғни олқылық жайттарды анықтауға, әрекет етуші заңнаманың жұмыс істемейтін тетіктерін анықтап жетілдірудің әдіс-тәсілдерін анықтауға септігін тигізеді.

Валюталық заңнаманы жетілдіру мәселелерін айқындап, оны болашақта дамыту тенденциялары терминологиялық белгілеулерден, құқықтық мазмұнынан аталған заңнама саласының жалпы сипатынан және қазіргі республикалық заңнама жүйесінің жүзеге асырылу

орнынан басталуы қажет. Қазіргі жағдайда валюталық заңнаманы зерттеу валюталық құқықты қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Құқықтық териясынан белгілі болғандай, құқық салаларын қайта бөлу нәтижесінде жеке құқық саласы бөлінгені анық. Осындай жағдай валюталық қатынастарға да тән мәселе, ол мемлекеттің экономикасының реформасы негізінде жүргізілуі мүмкін. Сондықтан да, құқықтық реттеудің қайта бөлінуі арқылы жекеленіп шыққан сала арасындағы «шекаралас» институттар пайда болады, олар бірнеше құқықтық салалардан шығады. «жапсарлас» құқықтық институттың басқалардан айырмашылығы оның өзгеріп тұратын пәннің болуында. Бұл дегеніміз бір саланың пәніне басқа саланың әдіс-тәсілдері қолдануы мүмкін.

Қазіргі Қазақстан Республиканың валюталық заңнамасын және валюталық құқықты зерттей келе, сонымен қатар жоғарыда айтылған заң саласында қолданылатын теоретикалық әдіс-тәсілдерді қолдануына байланысты қазақстан құқығының даму жолын айқындауымызға болады.

1. валюталық құқық қаржылық құқықтың басты институты ретінде дамиды. Бұл жағдайда, өзге сабақтас құқық салаларының (азаматтық құқық) валюталық қатынастарды реттеуде маңызды орын алмайды, сол себепті, валюталық құқық институт ретінде кешенді сипатын жояды.

2. Әрине, валюталық құқық болашақта дами келе өзге құқық салаларының ерекшеліктерін өзіне алып, сабақтас құқық саласының (азаматтық құқық) институты ретінде орнығуы мүмкін. Бұл процесс валюталық құқықтың институт ретінде өзінің кешенді сипатын жойып, негізгі құқық саласының жүйесінен сабақтас сала жүйесіне ауысады.

3. Алайда, валюталық құқық қаржылық және азаматтық құқық сипатының даму барысында теңестірілетін нұсқада да болуы мүмкін. Ал бұл дами келе сол саланың тереңдетіліп, жаңа қасиетке ие болып, қаржылық саладан даралануы мүмкін. Осындай жағдайда валюталық құқықтың дамуы барысында келе-келе жаңа құқық саласының пайда болуына әкеліп соғады.

Осы ретте бізге профессор Н.Б. Мухитдиновтың ғылыми көзқарасы назар аударарлық болып тұр. Оның жазуы бойынша, әр элементтің өзінің орны болады, ал оның біреуінің жоқтығынан бүкіл жүйе құри алады делінген. Яғни ішкі белгілі бір құқықтық нормаларды қарастыру үшін ең алдымен кем дегенде келесі факторлар тізбегі болуы шарт: біріншіден, жалпы алғанда, құқық жүйесінің жеке элементі ретінде бірігуге мүмкіндік беретін нормалардың ішкі үйлесімі, екіншіден, осы элементтердің басқа да саладағы элементтермен қатынасқа түсе алатындығы.

Әрине бұл нысандар басқа да құқықтық қағидаларды шығарып тастамайды. Құқықтық реттеу бұл кез-келген құқықтық қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады.

Саланы жан-жақты қамту үшін оның реттелетін қатынастарының ішіне еніп, құқықтық сана арқылы іріктеп алу қажет.

Сондықтан да, жүйелік құралдар оның орнына емес, сонымен қатар қолданылады. Олардың арасында тек байланыс қана емес, қайта байланыс та орнатылған.

Осылайша, банктік, сақтандыру, салықтық, валюталық құқық қоғамдық айырықша қатынастарды реттеп, құқықтық нормаларды бақылайды.

Жоғарыда айтылған жүйелік айрықшаларға сүйенсек, сақтандыру құқығы мысалы, жеке құқықтық сала бола алмайды (тым болмаса қазіргі бар материалдарға сүйенсек банктік, салықтық, сақтандыру), өйткені қазіргі бар құқықтық элементтермен дара сала ретінде жұмыс атқара алмайды. [Мухитдинов Н.Б. Қаржылық құқық және қаржылық заңнама теориясының даму үрдістері және жағдайы // Нарықтық қатынастар жағдайында қаржылық заңнаманы жетілдіру мәселелері: Дөңгелек үстел материалдары 21 мамыр 2004 ж. // ҚазМУ Хабаршысы. Заң сериясы. – 2004. - № 5 (33). - С. 5-19, 6-7 б].

Н.Б. Мухитдинов қаржылық құқықтың теоретикалық мәселелерін зерттей келе, қаржылық құқық күрделі қиыншылықтарды шешуге бағытталу керектігін айтады. Жоғарыда айтылғандай, қаржылық құқықтағы интеграциялық процесс өзінің шарықтау шегіне жетті. Логикалық түрде енді бөліну процесі жүру керек. Әрине, ертең сақтандыру, банктік, валюталық, бюджеттік, салықтық жеке құқық саласы пайда бола салмайды, оның бәріне де уақыт керек. Ол үшін олар өзінің даму жолын өту керек [18 б]. Бұл тұрғыда біз профессордың пікірімен толық келісеміз.

Бақылау сұрақтары:

1. Қандай қоғамдық қатынастар валюталық құқықтың пәні болып табылады?
2. Валюталық құқықтың субъектілерін жіктеңіздер;
3. Қазақстан Республикасында валюталық құқықтың негізгі даму үрдістеріне сипаттама беріңіздер.